

**8D11210 - «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Сақтау, қайта өңдеу, кәдеге жарату және залалсыздандыру процестеріне қойылатын санитарлық талаптарды қолдана отырып, қорғасын өндірісі шлактарының қоршаған ортаға зиянды әсерін зерттеу» тақырыбындағы И.Ғ.Икрамовтың диссертациялық жұмысына**  
**ШКІР**

Икрамов Ильяс Ғалымбетұлы 2020 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне 8D11210 - «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша докторантураға оқуға түсті және 2023 жылы оқудың толық курсы аяқтады.

И.Ғ.Икрамовтың диссертациялық жұмысы қорғасын зауытынан шыққан қалдықтарды қайта өңдеу, кәдеге жарату және залалсыздандыру процестеріне қойылатын санитарлық талаптарды қолдана отырып, қорғасын өндірісі шлактарының қоршаған ортаға зиянды әсерін анықтауға бағытталған.

Докторант атмосфераның ластану деңгейінің қоршаған ортадағы жасыл өсімдіктерге әсерін анықтауда эпифитті қыналар флорасына сандық сипаттама әдісін пайдаланып, биоиндикациялық зерттеуде еліміздің оңтүстік аймақтарында жиі кездесетін қаратал, емен және қайың ағаштарына лихенология әдістемесін пайдаланған. Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында ағаш діндеріндегі қыналарды жинап, оларды мөлдір жақтаулардың көмегімен санағаннан кейінгі алынған мәліметтер кесте түрінде жинақталып, ластау көзі орналасқан жер аумағы ауасының сапасын анықтаған.

И.Ғ.Икрамовтың диссертациялық жұмысында қорғасын өндірісі қалдықтарын сақтау қоймасындағы сусымалы материалдардың ашық үйіндісінен шаңның таралуына жол бермеудің моделдеу әдістері жасалынған.

Диссертацияда Шымкент қаласындағы «Южполиметалл» қорғасын өндірісінің қож қалдықтарын сақтау қоймасы бетінен ұшатын қож шаңдарының атмосфера ауасында таралуы барысында нормативтік шамадан артық ластанатын нақты жер аумағының экологиялық картасы жасалынған. Қож шаңдарының қоршаған ортаға зиянды әсерін анықтайтын қарапайым лихеноиндикациялық талдау әдісі және қож шаңдарының қоршаған ортаға зиянды әсерін шектеу мүмкіндігіне қол жеткізетін аэродинамикалық моделдеу әдістерін қолданған.

Зерттеу нәтижелері докторанттың 14 баспа жұмыстарында жарық көрді. Атап айтқанда Scopus дерекқорына кіретін халықаралық ғылыми баспаларда 2 мақала, ҚР ҒЖЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 3 мақала, халықаралық және республикалық конференциялардың материалдарында 9 мақала жарияланған.

И.Ғ.Икрамовтың диссертациялық жұмысында заңнамалық метрология бойынша халықаралық ұйымның ресми терминологиясы қолданылған.

Тәжірибелік ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу үдерісінде инженерлік және зерттеу мақсаттарындағы дәлдік санаттарына және «Өлшемдер бірегейлігін қамтамасыз ету заңына» сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында пайдалану кезеңінде мемлекеттік тексерістен өткен құрылғылар мен аспаптар қолданылған. Тәжірибелік сынақ зерттеу жұмыстарында «Өлшемдер бірегейлігін қамтамасыз ету заңының» талаптарына сәйкес өлшемдерді орындау әдістемесін қолданған. Графикалық және функционалдық тәуелділіктерде өлшеулер жүйесіне сәйкес өлшем бірліктері қолданылып, алынған нәтижелердің дербестігі мен нақтылығы жұмыста зерттеу жүргізудің заманауи әдістерін пайдалану арқылы қамтамасыз етілген.

Диссертациялық мақсатты, міндеттерді автор өз бетінше шешкен. Диссертацияның барлық бөлімдері бір-бірімен байланысты, бірін-бірі толықтырады және академиялық адалдық принциптері сақталған.

Ізденушінің диссертациялық жұмысына қойылған мақсат, міндеттері, зерттеу көлемі, пайдаланылған әдістер мен ғылыми жаңалығымен тәжірибелік өзектілігі ерекше жоғары орын алады, сол себепті 8D11210 - «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға диссертацияға қойылатын талаптарға сай келетін ғылыми еңбек деп есептеймін.

И.Ф.Икрамовты 8D11210-«Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынамын.

#### **Ғылыми кеңесші**

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан  
университеті «Тіршілік қауіпсіздігі  
және қоршаған ортаны қорғау»  
кафедрасының, т.ғ.к., доцент



*З.М. Керимбекова*

З.М. Керимбекова